

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/welcome

D120

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

Мәтін мен сандарды енгізу

16

1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары 3

2 Телефоныңыз 4

Қорапта не бар	4
Телефонға шолу	5
Негізгі станцияға шолу	6
Дисплей белгішелері	6

3 Жұмысты бастау 7

Негізгі станцияны қосу	7
Ұсынылған батареяларды орналастыру	8
Телефонды теңшеу (мемлекетке байланысты)	8
Тұтқаны зарядтау	9
Батарея деңгейін тексеру	9
Күту режимі дегеніміз не?	9
Сигнал күшін тексеру	9
Тұтқаны қосу немесе өшіру	10

4 Қоңыраулар 11

Қоңырау шалу	11
Қоңырауға жауап беру	11
Қоңырауды аяқтау	11
Микрофон дыбысының деңгейін төмендету	12
Динамиктің дыбыс деңгейін реттеу	12
Екінші қоңырау шалу	12
Екінші қоңырауға жауап беру	12
Екі қоңырау арасында ауысу	12
Сыртқы қоңырау шалушылар бар конференция қоңырауын шалу	12

5 Екі жақты және конференциялық қоңырау 14

Келесі телефон тұтқасына қоңырау шалу	14
Қоңырауды ауыстыру	14
Конференциялық қоңырау шалу	15

6 Мәтін мен сандар 16

7 Телефон кітапшасы 17

Телефон кітапшасын қарау	17
Жазбаны іздеу	17
Телефон кітапшасынан қоңырау шалу	17
Жазба қосу	17
Жазбаны өңдеу	18
Жазбаны жою	18
Барлық жазбаларды жою	18

8 Қоңырау журналы 19

Қоңырау жазбаларын қарау	19
Қоңырау жазбасын телефон кітапшасына сақтау	19
Қайта қоңырау шалу	19
Қоңырау жазбасын жою	19
Барлық қоңырау жазбаларын жою	20

9 Қайта теру тізімі 21

Қайта теру жазбаларын қарау	21
Қайта қоңырау шалу	21
Қоңырау жазбасын телефон кітапшасына сақтау	21
Қайта теру жазбасын жою	21
Барлық қайта теру жазбаларын жою	21

10 Телефон параметрлері 22

Дыбыс параметрлері	22
Телефон тұтқасына атау тағайындау	22
Күн мен уақытты орнату	23
Дисплей тілін орнату	23

11 Қызметтер 24

Автоконференция	24
Қоңырау шалушы идентификаторы/ҚЖИ	24
Автопрефикс	24
Қайта қоңырау шалу ұзақтығын таңдау	25
Теру режимі	25
Автосағат	25
Қосымша телефон тұтқаларын тіркеу	26
Телефон тұтқаларын тіркеуден шығару	26

12 Техникалық мәліметтер 27

13 Ескерту 28

Сәйкестік туралы декларация	28
GAP сәйкестік стандартын пайдалану	28
Электр магнитті өріспен (ЭМӨ)	
үйлесімділігі	28
Ескірген бұйымдарды және	
батареяларды жою.	28

14 Жиі қойылатын сұрақтар 30

15 Қосымша 32

Мәтін мен санды енгізу кестелері	32
----------------------------------	----

1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

Қуат талаптары

- Бұл өнімге 100-240 вольт айнымалы ток электр көзі қажет. Қуат өшіп қалған жағдайда байланыс жоғалуы мүмкін.
- Желідегі кернеу EN 60950 стандартында анықталғандай TNV-3 (Электробайланыс желісіндегі кернеу) ретінде жүйеленген.



Абайлаңыз

- Электр желісі қауіпті ретінде белгіленген. Зарядтағышты қуаттан айырудың жалғыз жолы - қуат тасымалдау құралын электр тогы розеткасынан ажырату. Электр тогы розеткасына ыңғайлы жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.

Зақымды немесе ақаулықты болдырмау үшін:



Ескерту

- Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат адаптерін пайдаланыңыз.
- Тек қана пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген батареяларды пайдаланыңыз.
- Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Зарядтауға арналған жанасу нүктелерінің немесе батареялардың металл заттармен жанасуына жол бермеңіз.
- Телефон тұтқасын, негізгі станцияны немесе зарядтағышты ашпаңыз, себебі тым жоғары кернеуге тап болыңыз мүмкін.
- Өнімге сұйықтықтың енуіне жол бермеңіз.
- Батарея бұрыс түрде орнатылса, жарылыс қаупі туындауы мүмкін.
- Пайдаланылған батареяларды нұсқауларға сәйкес тастаңыз.
- Әрдайым өніммен бірге ұсынылған кабельдерді пайдаланыңыз.

- Алынбалы құрылғылар үшін ашалы розетка құрылғыға жақын орналасуы және ол ыңғайлы жерде болуы қажет.
- Бұл жабдық қуат өшкенде жедел байланыстар құруға арналмаған. Жедел байланыстар құру үшін басқа жабдық қолдану қажет.
- Телефонды жылыту жабдығы немесе тікелей күн сәулесі сияқты қатты ыстық жерде пайдаланбаңыз.
- Телефоныңызды құлатып алмаңыз немесе өзге заттардың оның үстіне құлап кетуіне жол беріңіз.
- Құрамында спирт, аммиак, бензин немесе абразивті заттары бар тазартқыш құралдарды қолданбаңыз, құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Жарылыс қаупі бар ортада өнімді қолданбаңыз.
- Кішкентай металл заттардың өніммен жанасуына жол бермеңіз. Ол дыбыс сапасын нашарлатуы және өнімді зақымдауы мүмкін.
- Жақын жердегі белсенді ұялы телефондар кедергі келтіруі мүмкін.
- Металл заттар телефон тұтқасына жақын немесе оның үстінде орналасса, олар шоғырланып қалуы мүмкін.

Жұмыс істеу және сақтау температурасы туралы

- Температура әрдайым 0°C және +35°C (32°F және 95°F) аралығында болатын жерде пайдаланыңыз.
- Температура әрдайым -20°C және +45°C (-4°F және 113°F) аралығында болатын жерде сақтаңыз.
- Батареяның жарамдылығы төмен температура шарттарында қысқаруы мүмкін.


2 Телефоныңыз

Сатып алынған зат құтты болсын және Philips өнімдері орталығына қош келдіңіз!
<Brand> ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өніміңізді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.


Қорапта не бар



Тұтқа**



Тірек орны



Зарядтағыш**



Қуат адаптері**



Желі сымы*



Көпілдік



Пайдаланушы нұсқаулығы




Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы



Ескертпе

- * Кейбір елдерде алдымен желі адаптерін желі сымына қосу, одан кейін желі сымын телефон розеткасына сұғу қажет.
- ** Бірнеше телефон тұтқасы бар топтамада қосымша телефон тұтқалары, зарядтағыштар және қуат адаптерлері болады.

Телефонға шолу



① Телефон тұтқасының шұңғылшасы



- Мәзір бойымен жоғары жылжу.
- Динамиктің дыбыс деңгейін жоғарылату.
- Телефон кітапшасына кіру.

③ REDIAL/C

- Мәтінді немесе санды жою.
- Операциядан бас тарту.
- Қайта теру тізіміне кіру.



- Қоңырауды аяқтау.

- Мәзірден шығу немесе операцияны аяқтау.
- Телефон тұтқасын қосу немесе өшіру үшін басу.



- Мәтінді өңдеу кезінде бос орын енгізу үшін басу.
- Күту режимінде пернетақтаны құлыптау/құлытаудан шығару үшін басып тұру.



- # Кідірту үшін басып тұрыңыз.



- Микрофон дыбысының деңгейін арттыру немесе төмендету.

⑧ МикрофонR

- R Қайта қоңырау шалу пернесі (бұл функция желіге байланысты.)



- * INT Теру режимін (импульстік режимді немесе уақытша үндестік режимін) орнату.



- Мәзір бойымен төмен жылжу.
- Динамиктің дыбыс деңгейін төмендету.
- Қоңырау журналына кіру.




- Қоңырау шалу және қоңырауларды қабылдау.

⑫ MENU/OK

- Басты мәзірге кіру.
- Таңдауды растау.
- Опциялар мәзірін енгізу.
- Перненің дәл үстіңгі жағындағы телефон тұтқасы экранында көрсетілген функцияны таңдау.

⑬ Батарея жапқышы

Негізгі станцияға шолу



1 •)

- Телефон тұтқаларын табу үшін басу.
- Тіркеу режимін енгізу үшін басып тұру.

Дисплей белгішелері

Күту режимінде басты экрандағы белгішелер телефон тұтқасында қолжетімді мүмкіндіктерді көрсетеді.

Белгіше	Сипаттамалар
	Телефон тұтқасы негізгі станциядан/зарядтағыштан ажыратулы болса, жолақтар батарея деңгейін (толықтай зарядталған немесе аз) көрсетеді. Телефон тұтқасын негізгі станцияға/зарядтағышқа қойғанда, жолақтар батарея толық зарядталғанша жылжуын тоқтатпайды.
	Қуаты таусылған батарея белгішесі жыпылықтап, ескерту дыбысы естіледі. Батареяның қуаты аз және оны қайта зарядтау қажет.


	Ол телефон тұтқасы мен негізгі станция арасындағы байланыс күйін көрсетеді. Жолақтар саны көп болған сайын сигнал сапасы да жақсырақ болады.
	Кіріс қоңырауын қоңыраулар журналынан қараған кезде белгіше қалыпты күйіне оралады.
	Бұл белгіше қайта теру тізіміндегі шығыс қоңырауын көрсетеді.
	Жаңа қабылданбаған қоңырау бар болғанда немесе жаңа қабылданбаған қоңырауларды шолғанда ол жыпылықтап тұрады. Ол қоңыраулар журналындағы оқылып қойған қабылданбаған қоңырауларды шолғанда тұрақты жанып тұрады.
	Кіріс қоңырауын алу кезінде жыпылықтайды. Телефон арқылы сөйлесу кезінде ол тұрақты жанып тұрады.
	Қоңырау дыбысы өшірулі.
	Жаңа дауыстық хабарлама бар кезде жыпылықтайды. Дауыстық хабарламаны қоңырау журналынан қарағаннан кейін белгіше қалыпты күйіне оралады. Дауыстық хабарлама жоқ болса, белгіше көрсетілмейді.
	Бұл белгіше тізімнің бойымен жоғары/төмен жылжыған/дыбыс деңгейін жоғарылатқанда және төмендеткенде көрсетіледі.
	Оң жақ бөлігінде көп сандар көрсетілген. Оқу үшін REDIAL/C түймесін басыңыз.

3 Жұмысты бастау



Ескерту

- Телефон тұтқасын қоспас немесе орнатпас бұрын, міндетті түрде «Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары» бөлімін оқып шығыңыз.



Негізгі станцияны қосу



Абайлаңыз

- Өнімді бұзып алу қаупі! Электр қуаты көзіндегі кернеулі токтың телефонның артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеулі токқа сәйкестігін тексеріңіз.
- Батареяларды зарядтау үшін тек жинақпен берілген айнаымалы ток адаптерін пайдаланыңыз.

3


Қуат адаптерінің әрбір ұшын мыналарға жалғаңыз (тек көп тұтқалы нұсқада):

- телефон тұтқасын зарядтағышының төменгі жағындағы тұрақты ток кіріс ұясына;
- қабырғадағы қуат розеткасына.



Ескертпе

- Егер сандық жазылу желісі (DSL) жоғары жылдамдықты интернетке телефон желісі арқылы жазылған болсаңыз, телефон желісі сымы мен қуат розеткасы арасында DSL сүзгісі орнатылғанына көз жеткізіңіз. Сүзгі DSL әсерінен туындайтын шу мен қоңырау шалушы идентификаторына қатысты мәселелердің алдын алуға мүмкіндік береді. DSL сүзгілері туралы ақпарат алу үшін DSL қызметін көрсетуші провайдерге хабарласыңыз.
- Типтік кесте негізгі станцияның астыңғы жағында орналасқан.



1 Қуат адаптерінің әр ұшын келесілерге жалғаңыз:


- негізгі станцияның артқы жағындағы тұрақты ток кіріс ұясына;
- қабырғадағы қуат розеткасына.

2 Желі сымының әр ұшын келесілерге жалғаңыз:


- негізгі станцияның артқы жағындағы телефон ұясына;
- қабырғадағы телефон ұясына.

Ұсынылған батареяларды орналастыру


1



2



3



Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Тек ұсынылған батареяларды қолданыңыз.
- Батареяның қызмет мерзімінің азаю қаупі бар! Батареялардың әртүрлі брендтерін немесе түрлерін ешқашан араластырмаңыз.



Ескертпе

- Бірінші рет пайдаланбай тұрып батареяларды 8 сағат бойы зарядтаңыз.
- Батареяларды зарядтау кезінде телефон тұтқасының қызып кетуі - қалыпты жағдай.



Абайлаңыз

- Батареяларды батарея бөлігіне енгізу кезінде батарея полярлығын тексеріңіз. Полярлықтың дұрыс болмауы өнімді зақымдауы мүмкін.

Телефонды теңшеу (мемлекетке байланысты)

- 1 Телефонды алғаш рет пайдалану кезінде сәлемдесу хабарын көретін боласыз.
- 2 **MENU/OK** түймесін басыңыз.

Елді/тілді орнату

Елді/тілді таңдаңыз, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.

↳ Ел/тіл параметрі сақталды.



Ескертпе

- Ел/тіл параметрі опциясы елге байланысты. Егер сәлемдесу хабары көрсетілмесе, ел/тіл параметрі алдын ала орнатылған.

Тілді қалпына келтіру үшін келесі қадамдары орындаңыз.

- 1 **MENU/OK** > [**НАСТРОЙКИ**] > [**ЯЗЫҚ**] тармағын таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 2 Тілді таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

Күн мен уақытты орнату

- 1 **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 2 [**НАСТРОЙКИ**] > [**ДАТА/ВРЕМЯ**] тармағын таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 3 Күнді енгізу үшін сандық түймелерді басып, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.

→ Уақыт параметрі мәзірі телефон тұтқасында көрсетіледі.

4 Уақытты енгізу үшін сандық түймелерді басыңыз.

5 Растау үшін, **MENU/OK** түймесін басыңыз.

Тұтқаны зарядтау

Тұтқаны зарядтау үшін тұтқаны негізгі станцияға немесе зарядтайтын ұстағышқа қойыңыз. Телефон тұтқасы негізгі станцияға дұрыс қойылса, түйісу дыбысын естисіз.

→ Телефон тұтқасы зарядтала бастайды.




Ескертпе

- Бірінші рет пайдаланбай тұрып батареяларды 8 сағат бойы зарядтаңыз.
- Батареялар зарядталып жатқан кезде тұтқаның қызуы — қалыпты жағдай.

Түйісу дыбысын қосуға немесе ажыратуға болады.

Телефон қолдануға дайын.

Батарея деңгейін тексеру



Батарея белгішесі ағымдағы батарея деңгейін көрсетеді.



Телефон тұтқасы негізгі станциядан/зарядтағыштан алынғанда, жолақтар батарея деңгейін (толы, орташа және аз) көрсетеді.

Телефон тұтқасын негізгі станцияға/зарядтағышқа қойғанда, жолақтар зарядталу аяқталғанша жыпылықтайды.



Қуаты жоқ батарея белгішесі жыпылықтайды. Батареяның қуаты аз және оны қайта зарядтау қажет.

Егер батареяларда қуат жоқ болса, телефон тұтқасы өшіп қалады. Телефонды қолдану кезінде ескерту дыбыстарын естісеңіз, телефон батареясының қуаты таусылуға жақын. Ескертуден кейін қоңырау ажыратылады.

Күту режимі дегеніміз не?

Телефон қолданылмай тұрған кезде күту режимінде болады. Күту экранында телефон тұтқасының аты немесе күн мен уақыт және телефон тұтқасының нөмірі көрсетіледі.



Кеңес

- Телефон тұтқасының аты мен күн және уақыт дисплейі арасында ауысу үшін **MENU/OK** түймесін басып тұрыңыз.

Сигнал күшін тексеру



Жолақтар саны телефон тұтқасы мен негізгі станция арасындағы байланыс күйін көрсетеді. Жолақтар саны көп болған сайын байланыс та жақсырақ болады.

- Қоңырау шалмас немесе қабылдас бұрын және телефон функциялары мен мүмкіндіктерін қолданбас бұрын телефон тұтқасы негізгі станцияға жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Телефон арқылы сөйлесу кезінде ескерту дыбыстарын естісеңіз, телефон батареясының қуаты таусылуға жақын немесе телефон ауқымнан тыс жерде тұр. Батареяны зарядтаңыз немесе тұтқаны негізгі станцияға жақынырақ апарыңыз.

Тұтқаны қосу немесе өшіру

Телефон тұтқасын қосу немесе өшіру үшін  түймесін басып тұрыңыз.

4 Қоңыраулар



Ескертпе

- Қуат өшкенде, телефон төтенше жағдай қызметтеріне хабарласа алмайды.



Кеңес

- Қоңырау шалмас бұрын немесе телефон арқылы сөйлесу кезінде сигнал күшін тексеріңіз.

Қоңырау шалу

Келесі әдістер арқылы қоңырау шала аласыз:

- Қалыпты қоңырау
- Алдын ала теру қоңырауы

Сондай-ақ, қайта теру тізімінен (ақылдасу 'Қайта қоңырау шалу' бет 21), телефон кітапшасы тізімінен (ақылдасу 'Телефон кітапшасынан қоңырау шалу' бет 17) және қоңырау журналынан (ақылдасу 'Қайта қоңырау шалу' бет 19) қоңырау шалуға болады.

Қалыпты қоңырау

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 Телефон нөмірін теріңіз.
 - ↳ Нөмір терілді.
 - ↳ Ағымдағы қоңырау ұзақтығы көрсетіледі.

Алдын ала теру қоңырауы

- 1 Телефон нөмірін теріңіз.
 - Санды өшіру үшін **REDIAL/C** түймесін басыңыз.
 - Кідірту үшін **#** түймесін басып тұрыңыз.
- 2 Байланыстан шығу үшін түймесін басыңыз.



Ескертпе

- Ағымдағы қоңыраудың сөйлесу уақыты қоңыраудың уақыт датчигінде көрсетіледі.
- Егер ескерту дыбысын естісеңіз, телефон батареясының қуаты таусылған немесе телефон ауқымнан тыс жерде тұр. Батареяны зарядтаңыз немесе телефонды негізгі станцияға жақынырақ апарыңыз.

Қоңырауға жауап беру

Кіріс қоңырауы болғанда қоңырауға жауап беру үшін түймесін басыңыз.



Абайлаңыз

- Телефон шырылдағанда, құлағыңызды зақымдап алмау үшін телефонды құлағыңыздан алыс ұстаңыз.



Ескертпе

- Қоңырау шалушы идентификаторы қызметін қызмет көрсетуші провайдерге тіркеген кезде, бұл қызмет қолжетімді болады.



Кеңес

- Қоңырау жіберілген кезде, ескертпе хабарламасы көрсетіледі.

Барлық кіріс қоңыраулары үшін қоңырау дыбысын өшіру

Телефон шылдырлағанда **REDIAL/C** түймесін басыңыз.

Қоңырауды аяқтау

Келесі әдістер арқылы қоңырауды аяқтауға болады:

- түймесін басыңыз;

- Тұтқаны негізгі станцияға немесе зарядтайтын ұстағышқа қойыңыз.

Микрофон дыбысының деңгейін төмендету

- 1 Қоңырау кезінде  түймесін басыңыз.
 - ↳ Тұтқада [ЗВУК ВЫКЛ.] көрсетіледі.
 - ↳ Қоңырау шалушы сізді естімейді, алайда, сіз оны естисіз.
- 2 Микрофонды ажырату үшін  түймесін қайта басыңыз.
 - ↳ Енді қоңырау шалушымен сөйлесе аласыз.

Динамиктің дыбыс деңгейін реттеу

Телефон арқылы сөйлесу кезінде дыбыс деңгейін реттеу үшін  /  түймесін басыңыз.

- ↳ Динамиктің дыбыс деңгейі реттеліп, телефон қоңырау экранына қайтады.

Екінші қоңырау шалу



Ескертпе

- Бұл қызмет желіге байланысты.

- 1 Қоңырау кезінде **R** түймесін басыңыз.
 - ↳ Бірінші қоңырау желіде тұрады.
- 2 Екінші нөмірді теріңіз.
 - ↳ Экранда көрсетілген нөмір теріледі.

Екінші қоңырауға жауап беру



Ескертпе

- Бұл қызмет желіге байланысты.

Кіріс қоңырауы туралы хабарлайтын үздіксіз дыбысты естісеңіз, келесі жолдар арқылы қоңырауға жауап бере аласыз:

- 1 Қоңырауға жауап беру үшін **RR**  түймесін басыңыз.
 - ↳ Бірінші қоңырау желіде тұрады, ал сіз екінші қоңырауға қосыласыз.
- 2 Ағымдағы қоңырауды аяқтап, бірінші қоңырауға жауап беру үшін **RR 1** түймесін басыңыз.

Екі қоңырау арасында ауысу



Ескертпе

- Бұл қызмет желіге байланысты.

R және  түймелерін басыңыз.

- ↳ Ағымдағы қоңырау желіде тұрады, ал сіз келесі қоңырауға қосыласыз.

Сыртқы қоңырау шалушылар бар конференция қоңырауын шалу



Ескертпе

- Бұл қызмет желіге байланысты. Қосымша төлемдер жөнінде ақпаратты қызмет көрсетуші провайдерінен алыңыз.

Екі қоңырауға жалғанған кезде, **R** түймесін, одан кейін  түймесін басыңыз.

- ↳ Екі қоңырау біріктіріледі және конференциялық қоңырау орнатылады.

5 Екі жақты және конференциялық қоңырау

Екі жақты қоңырау — бір негізгі станцияны ортақ пайдаланатын өзге телефон тұтқасына шалынатын қоңырау. Конференция қоңырауы сіз, өзге телефон тұтқасын пайдаланушы және сыртқы қоңырау шалушы арасындағы тілдесуді қамтиды.

Келесі телефон тұтқасына қоңырау шалу

Ескертпе

- Егер негізгі станцияда тек екі телефон тұтқасы тіркелген болса, қоңырауды келесі телефон тұтқасына қоңырау шалу үшін ^{* INT} түймесін басып тұрыңыз.

- 1 ^{* INT} түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ Көп тұтқалы нұсқаларда өзара байланысқа қолдануға болатын тұтқалар көрсетіледі, содан кейін 2-қадамға өтіңіз.
 - ↳ Екі тұтқалы нұсқаларда, екінші тұтқа шырылдағанда, 3-қадамға өтіңіз.
- 2 Телефон тұтқасы нөмірін таңдаңыз, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
 - ↳ Таңдалған телефон тұтқасы шылдырлайды.
- 3 Таңдалған телефон тұтқасындағы  түймесін басыңыз.
 - ↳ Екі жақты қоңырау орнатылды.
- 4 Екі жақты қоңырауты тоқтату немесе аяқтау үшін **REDIAL/C** не болмаса  түймесін басыңыз.

Қоңырау кезінде

Қоңырау кезінде бір телефон тұтқасынан екінші телефон тұтқасына ауыса аласыз:

- 1 ^{* INT} түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ Ағымдағы қоңырау желіде тұрады.
 - ↳ Көп тұтқалы нұсқаларда өзара байланысқа қолдануға болатын тұтқалар көрсетіледі, содан кейін 2-қадамға өтіңіз.
- 2 Телефон тұтқасы нөмірін таңдаңыз, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
 - ↳ Келесі тараптың қоңырауға жауап беруін күтіңіз.

Қоңыраулар арасында ауысу

Сыртқы қоңырау мен екі жақты қоңырау арасында ауысу үшін ^{* INT} түймесін басып тұрыңыз.

Қоңырауды ауыстыру

Ескертпе

- Егер негізгі станцияда тек екі телефон тұтқасы тіркелген болса, қоңырауды келесі телефон тұтқасына аудару үшін ^{* INT} түймесін басып тұрыңыз.

- 1 Қоңырау кезінде ^{* INT} түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ Көп тұтқалы нұсқаларда өзара байланысқа қолдануға болатын тұтқалар көрсетіледі, содан кейін 2-қадамға өтіңіз.
 - ↳ Екі тұтқалы нұсқаларда, екінші тұтқа шырылдағанда, 3-қадамға өтіңіз.
- 2 Телефон тұтқасы нөмірін таңдаңыз, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 3 Екінші жақ қоңырауыңызға жауап бергенде  түймесін басыңыз.

- ↳ Қоңырау таңдалған телефон тұтқасына аударылады.

Конференциялық қоңырау шалу

3 жақты конференция қоңырауы — сіздің, өзге телефон тұтқасын пайдаланушының және сыртқы қоңырау шалушының арасындағы қоңырау. Ол бір негізгі станцияны ортақ пайдаланатын екі телефон тұтқасының болуын қажет етеді.

Сыртқы қоңырау кезінде

- 1 Ішкі қоңырауды бастау үшін ***_{INT}** түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ Сыртқы қоңырау желіде тұрады.
 - ↳ Көп тұтқалы нұсқаларда өзара байланысқа қолдануға болатын тұтқалар көрсетіледі, содан кейін 2-қадамға өтіңіз.
 - ↳ Екі тұтқалы нұсқаларда, екінші тұтқа шырылдағанда, 3-қадамға өтіңіз.
- 2 Телефон тұтқасы нөмірін таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
 - ↳ Таңдалған телефон тұтқасы шылдырлайды.
- 3 Таңдалған телефон тұтқасындағы  түймесін басыңыз.
 - ↳ Екі жақты қоңырау орнатылды.
- 4 **MENU/OK** түймесін басыңыз.
 - ↳ Сіз сыртқы қоңырау мен таңдалған телефон тұтқасы арқылы орнатылған 3 жақты конференциялық қоңыраудасыз.
- 5 Конференциялық қоңырауды аяқтау үшін  түймесін басыңыз.



Ескертпе

- **[СЛУЖБЫ]** > **[КОНФЕРЕНЦИЯ]** параметрі **[АВТО]** мәніне орнатылған жағдайда басқа телефон тұтқасымен жүріп жатқан конференциялық қоңырауға қосылу үшін  түймесін басыңыз.

Конференциялық қоңырау кезінде

- 1 Сыртқы қоңырауды желіде ұстап, ішкі қоңырауға оралу үшін ***_{INT}** түймесін басыңыз.
 - ↳ Сыртқы қоңырау желіде тұрады.
- 2 Конференциялық қоңырауды қайта орнату үшін ***_{INT}** түймесін қайта басыңыз.



Ескертпе

- Егер конференциялық қоңырау кезінде бір телефон тұтқасын қойсаңыз, екінші телефон тұтқасы сыртқы қоңырауға қосылған күйінде қалады.

6 Мәтін мен сандар

Телефон тұтқасы атауы, телефон кітапшасы жазбалары және өзге де мәзір элементтері үшін мәтін және сандарды енгізе аласыз.

Мәтін мен сандарды енгізу

- 1 Қажетті таңбаны енгізу үшін әріптік-сандық пернені бір немесе бірнеше рет басыңыз.
- 2 Таңбаны жою үшін **REDIAL/C** түймесін басыңыз. Барлық таңбаларды жою үшін **REDIAL/C** түймесін басып тұрыңыз. Меңзерді солға және оңға жылжыту үшін  және  түймесін басыңыз.
- 3 Бос орын қосу үшін  түймесін басыңыз.



Ескертпе

- Таңбалар мен сандарды басты салыстыру туралы мәліметтер алу үшін «Қосымша» тарауын қараңыз.

7 Телефон кітапшасы

Бұл телефонның 50 жазба сақтауға болатын телефон кітапшасы бар. Телефон кітапшасына тұтқадан қол жеткізуге болады. Әр жазбаның атауының ұзындығы 12 таңбадан және 24 саннан тұруы мүмкін.

Телефон кітапшасын қарау

Ескертпе

- Телефон кітапшасын бір уақытта бір телефон тұтқасынан қарай аласыз.

- 1 Телефон кітапшасының тізіміне кіру үшін  түймесін немесе **MENU/OK** > **[ТЕЛЕФ. КНИГА]** > **[ПРОСМОТР]** тармағын басыңыз.
- 2 Бір жаңа контактіні таңдап, бар ақпаратты қараңыз.

Жазбаны іздеу

Телефон кітапшасы жазбаларын екі жолмен іздеуге болады:

- Контактілер тізімі бойымен жылжу.
- Контактінің алғашқы таңбасын енгізу.

Контактілер тізімі бойымен жылжу

- 1 Телефон кітапшасының тізіміне кіру үшін  түймесін немесе **MENU/OK** > **[ТЕЛЕФ. КНИГА]** > **[ПРОСМОТР]** тармағын басыңыз.
- 2 Телефон кітапшасы тізімі бойымен қозғалу үшін  және  түймесін басыңыз.

Контактінің алғашқы таңбасын енгізу

- 1 Телефон кітапшасының тізіміне кіру үшін  түймесін немесе **MENU/OK** > **[ТЕЛЕФ. КНИГА]** > **[ПРОСМОТР]** тармағын басыңыз.
- 2 Таңбаға сәйкес келетін әріптік-сандық пернені басыңыз.
↳ Осы таңбадан басталатын жазба көрсетіледі.

Телефон кітапшасынан қоңырау шалу

- 1 Телефон кітапшасының тізіміне кіру үшін  түймесін немесе **MENU/OK** > **[ТЕЛЕФ. КНИГА]** > **[ПРОСМОТР]** тармағын басыңыз.
- 2 Телефон кітапшасынан контактіні таңдаңыз.
- 3 Қоңырау шалу үшін  түймесін басыңыз.

Жазба қосу

Ескертпе

- Егер телефон кітапшасының жады толы болса, телефон тұтқасында ескертпе хабарламасы көрсетіледі. Жаңасын қосу үшін бірнеше жазбаны жойыңыз.
- Телефон кітапшасында ескілерінің орнына жаңалары пайда болады.

- 1 **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 2 **[ТЕЛЕФ. КНИГА]** > **[ДОБ. НОВЫЙ]** тармағын таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 3 Атауды енгізіңіз, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 4 Нөмірді енгізіп, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз
↳ Жаңа жазба сақталды.



Кеңес

- Кідірту үшін # түймесін басып тұрыңыз.
- Қажетті таңбаны енгізу үшін әріптік-сандық пернені бір немесе бірнеше рет басыңыз.
- Таңбаны жою үшін **REDIAL/C** түймесін басыңыз. Меңзерді солға және оңға жылжыту үшін  /  түймесін басыңыз.

- 1 **[ТЕЛЕФ. КНИГА] > [УДАЛИТЬ ВСЕ]** тармағын таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Тұтқада растау сұрауы көрсетіледі.
- 2 Растау үшін, **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Барлық жазбалар жойылды.

Жазбаны өңдеу

- 1 **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 2 **[ТЕЛЕФ. КНИГА] > [РЕДАКТИР.]** тармағын таңдаңыз, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 3 Контактін таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 4 Атты өңдеңіз, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 5 Нөмірді өзгертіп, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Жазба сақталды.

Жазбаны жою

- 1 **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 2 **[ТЕЛЕФ. КНИГА] > [УДАЛИТЬ]** тармағын таңдаңыз, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 3 Контактін таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Тұтқада растау сұрауы көрсетіледі.
- 4 Растау үшін, **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Жазба жойылды.

Барлық жазбаларды жою

MENU/OK түймесін басыңыз.

8 Қоңырау журналы

Қоңыраулар журналында барлық қабылданған немесе жауап берілмеген қоңыраулар сақталады. Кіріс қоңыраулары журналында қоңырау шалушы аты мен нөмірін, қоңырау шалу уақыты мен күнін қамтиды. Бұл мүмкіндік қоңырау шалушы идентификаторы қызметін қызмет көрсетуші провайдерінде тіркеген болсаңыз, қолжетімді болады. Телефон 20 қоңырау жазбасын сақтай алады. Телефон тұтқасындағы қоңырау журналы белгішесі жауап берілмеген қоңыраулар бар болса, жыпылықтап тұрады. Егер қоңырау шалушы өзі туралы ақпаратты көрсетуге рұқсат етсе, оның аты мен нөмірін көре аласыз. Қоңырау жазбалары хронологиялық реті бойынша тізімделеді, тізімнің басында ең соңғы қабылданған қоңырау көрсетіледі.

Ескертпе

- Қоңырау тізімінен тікелей кері қоңырау шалу үшін қоңырау тізіміндегі нөмір жарамды екеніне көз жеткізіңіз.

Экрандағы белгішелер қоңыраудың жауап берілмеген/қабылданған қоңырау екенін көрсетеді.

Белгішелер	Сипаттама
	Жаңа қабылданбаған қоңырау бар болғанда немесе жаңа қабылданбаған қоңырауларды шолғанда ол жыпылықтап тұрады. Ол қоңыраулар журналындағы оқылып қойған қабылданбаған қоңырауларды шолғанда тұрақты жанып тұрады.

Қоңырау жазбаларын қарау

- 1  түймесін басыңыз.
↳ Кіріс қоңыраулары журналы көрсетіледі.
- 2 Бір жазбаны таңдап, **MENU/OK** түймесін басыңыз да, толығырақ ақпарат алу үшін **[ПРОСМОТР]** түймесін басыңыз.

Қоңырау жазбасын телефон кітапшасына сақтау

- 1  түймесін басыңыз.
↳ Кіріс қоңыраулары журналы көрсетіледі.
- 2 Бір жазбаны таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 3 **[COXP. HOMEP]** пәрменін таңдаңыз да, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 4 Атты енгізіп немесе өзгертіп, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 5 Нөмірді енгізіп немесе өзгертіп, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Жазба сақталды.

Қайта қоңырау шалу

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 Тізімнен бір жазбаны таңдаңыз.
- 3 Қоңырау шалу үшін  түймесін басыңыз.

Қоңырау жазбасын жою

- 1  түймесін басыңыз.
↳ Кіріс қоңыраулары журналы көрсетіледі.

- 2 Бір жазбаны таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 3 **[УДАЛИТЬ]** пәрменін таңдаңыз да, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Тұтқада растау сұрауы көрсетіледі.
- 4 Растау үшін, **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Жазба жойылды.

Барлық қоңырау жазбаларын жою

- 1  түймесін басыңыз.
↳ Кіріс қоңыраулары журналы көрсетіледі.
- 2 Опциялар мәзіріне кіру үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 3 **[УДАЛИТЬ ВСЕ]** пәрменін таңдаңыз да, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Тұтқада растау сұрауы көрсетіледі.
- 4 Растау үшін, **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Барлық жазбалар жойылды.

9 Қайта теру тізімі

Қайта теру тізімінде терілген нөмірлердің тізімі сақталады. Бұл тізім сіз қоңырау шалған нөмірлерді және/немесе аттарды қамтиды. Телефон 10 қайта теру жазбасын сақтай алады.

Қайта теру жазбаларын қарау

REDIAL/C түймесін басыңыз.

Қайта қоңырау шалу

- 1 REDIAL/C түймесін басыңыз.
- 2 Бір жазбаны таңдап,  түймесін басыңыз.
↳ Нөмір терілді.

Қоңырау жазбасын телефон кітапшасына сақтау

- 1 Терілген қоңыраулар тізіміне кіру үшін REDIAL/C түймесін басыңыз.
- 2 Бір жазбаны таңдап, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
- 3 [COXP. HOMEP] пәрменін таңдаңыз да, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
- 4 Атты енгізіп немесе өзгертіп, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
↳ Жазба сақталды.

Қайта теру жазбасын жою

- 1 Терілген қоңыраулар тізіміне кіру үшін REDIAL/C түймесін басыңыз.
- 2 Бір жазбаны таңдап, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
- 3 [УДАЛИТЬ] тармағын таңдап, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
↳ Тұтқада растау сұрауы көрсетіледі.
- 4 Растау үшін, MENU/OK түймесін басыңыз.
↳ Жазба жойылды.

Барлық қайта теру жазбаларын жою

- 1 Терілген қоңыраулар тізіміне кіру үшін REDIAL/C түймесін басыңыз.
- 2 Бір жазбаны таңдап, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
- 3 [УДАЛИТЬ ВСЕ] пәрменін таңдаңыз да, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
↳ Тұтқада растау сұрауы көрсетіледі.
- 4 Растау үшін, MENU/OK түймесін басыңыз.
↳ Барлық жазбалар жойылды.

10 Телефон параметрлері

Телефоныңызды толықтай иелену үшін параметрлерді теңшей аласыз.

Дыбыс параметрлері

Телефон тұтқасының қоңырау дыбысының деңгейін орнату

5 түрлі қоңырау дыбысы деңгейінің бірін немесе **[ВЫКЛ.]** деңгейін таңдай аласыз.

- 1 **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 2 **[НАСТРОЙКИ] > [ЗВУКИ] > [ГРОМК. ВЫЗ.]** тармағын таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 3 Дыбыс деңгейін таңдаңыз, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

Телефон тұтқасының қоңырау дыбысын орнату

10 түрлі қоңырау дыбысының бірін таңдай аласыз.

- 1 **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 2 **[НАСТРОЙКИ] > [ЗВУКИ] > [МЕЛОД. ВЫЗ.]** тармағын таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 3 Қоңырау дыбысын таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

Перне дыбысы

Перне дыбысы — телефон тұтқасындағы пернені басқанда шығатын дыбыс.

- 1 **MENU/OK** түймесін басыңыз.

- 2 **[НАСТРОЙКИ] > [ЗВУКИ] > [ЗВУК КНОПОК]** тармағын таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 3 **[ВКЛ.]/[ВЫКЛ.]** тармағын таңдаңыз, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

Түйісу дыбысын орнату

Түйісу дыбысы — телефон тұтқасын негізгі станцияға немесе зарядтағышқа қойған кезде шығатын дыбыс.

- 1 **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 2 **[НАСТРОЙКИ] > [ЗВУКИ] > [ЗВУК БАЗЫ]** тармағын таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 3 **[ВКЛ.]/[ВЫКЛ.]** тармағын таңдаңыз, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

Телефон тұтқасына атау тағайындау

Телефон тұтқасының аты 10 таңбадан аспауы тиіс. Ол күту режимінде тұтқа экранында көрсетіледі. Телефон тұтқасының аты мен күн және уақыт дисплейі арасында ауысу үшін **MENU/OK** түймесін басуға болады.

- 1 **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 2 **[НАСТРОЙКИ] > [ИМЯ ТЕЛЕФОНА]** тармағын таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 3 Атау енгізіңіз немесе өзгертіңіз. Таңбаны өшіру үшін **REDIAL/C** түймесін басыңыз.
- 4 Растау үшін, **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

Күн мен уақытты орнату

Ақпаратты «Күн мен уақытты орнату» бөлімінен қараңыз.

Дисплей тілін орнату



Ескертпе

- Бұл мүмкіндік тек бірнеше тілге қолдау көрсететін үлгілерде ғана бар.
- Қолжетімді тілдер мемлекетке байланысты әр түрлі болады.

- 1 **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 2 **[НАСТРОЙКИ] > [ЯЗЫК]** тармағын таңдаңыз, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 3 Тілді таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
↳ Параметр сақталды.

11 Қызметтер

Телефонда қоңырауларды пайдалануды және басқаруды жеңілдететін бірнеше мүмкіндіктер бар.

Автоконференция

Басқа бір тұтқамен сыртқы қоңырауға қосылу үшін  түймесін басыңыз.

Автоконференцияны қосу/ажырату

- 1 MENU/OK түймесін басыңыз.
- 2 [СЛУЖБЫ] > [КОНФЕРЕНЦИЯ]
тармағын таңдаңыз, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
- 3 [АВТО]/[ВЫКЛ.] тармағын таңдаңыз, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
→ Параметр сақталды.

Қоңырау шалушы идентификаторы/ҚЖИ

Кіріс қоңыраулары кезінде қоңырау шалушы туралы ақпарат алатын және қарайтын етіп телефон тұтқасын орнатыңыз.

Қоңырау шалушы дисплейі туралы ақпаратты қосу/ажырату

- 1 MENU/OK түймесін басыңыз.
- 2 [СЛУЖБЫ] > [CALLERID/АОН]
тармағын таңдаңыз, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
- 3 [АВТО] / [АОН ВКЛ.] / [АОН ВЫКЛ.]
тармағын таңдаңыз, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
→ Параметр сақталды.

Қоңырау шалушы нөмірі ұзындығын орнату

- 1 MENU/OK түймесін басыңыз.
- 2 [СЛУЖБЫ] > [CALLERID/АОН] > [КОЛИЧ.ЦИФР]
тармағын таңдап, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
- 3 Жаңа параметрді таңдаңыз, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
→ Параметр сақталды.

Автопрефикс

Бұл мүмкіндік нөмір терілмес бұрын шығыс қоңырауын тексереді және пішімдейді. Префикс нөмірі мәзірде орнатылған анықтау нөмірін ауыстыруы мүмкін. Мысалы, 604 санын анықтау нөмірі ретінде, ал 1250 санын префикс ретінде орнаттыңыз. 6043338888 секілді нөмірді терсеңіз, теру кезінде телефоныңыз оны автоматты түрде 12503338888 санына өзгертеді.

Ескертпе

- Анықтау нөмірінің максималды ұзындығы — 10 сан. Автопрефикс нөмірінің максималды ұзындығы: 10 сан.
- Бұл параметр елге байланысты.

Автопрефикс орнату

- 1 MENU/OK түймесін басыңыз.
- 2 [СЛУЖБЫ] > [АВТОПРЕФИКС]
тармағын таңдаңыз, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
- 3 MENU/OK түймесін басыңыз. Анықтау нөмірін енгізіңіз, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
- 4 MENU/OK түймесін басыңыз. Префикс нөмірін енгізіңіз, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.

→ Параметр сақталды.



Ескертпе

- Кідірту үшін # түймесін басып тұрыңыз.
- Егер префикс нөмірі орнатылған болса және анықтау нөмірі бос қалдырылған болса, префикс нөмірі барлық шығыс нөмірлеріне қосылады.
- Бұл мүмкіндік терілген нөмір * және # таңбаларынан басталса, қолжетімсіз болады.

Қайта қоңырау шалу ұзақтығын таңдау

Екінші қоңырауға жауап бермес бұрын қайта қоңырау шалу уақыты алдын ала орнатылғанына көз жеткізіңіз. Қалыпты жағдайда телефон үшін қайта қоңырау шалу ұзақтығы алдын ала орнатылады. 3 опцияның бірін таңдауға болады: [КОРОТКИЙ], [СРЕДНИЙ] және [ДЛИННЫЙ]. Қолжетімді опциялар саны елге байланысты әр түрлі болады. Толық ақпарат алу үшін қызмет көрсетуші провайдерге хабарласыңыз.

- 1 MENU/OK түймесін басыңыз.
- 2 [СЛУЖБЫ] > [ВРЕМ.ПОВ.ВЫЗ] тармағын таңдаңыз, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
- 3 Опцияны таңдап, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
→ Параметр сақталды.

Теру режимі



Ескертпе

- Бұл мүмкіндік тек тоңдық және пульстік терудің екеуін де қолдайтын үлгілерге қатысты.

Теру режимі — мемлекетіңізге қолданылатын телефон сигналы. Телефон үндестік (DTMF) және импульстік (айналмалы) теруге қолдау көрсетеді.

Толық ақпарат алу үшін қызмет көрсетуші провайдеріне хабарласыңыз.

Теру режимін орнату

- 1 MENU/OK түймесін басыңыз.
- 2 [СЛУЖБЫ] > [РЕЖИМ НАБОРА] тармағын таңдап, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
- 3 Теру режимін таңдаңыз, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
→ Параметр сақталды.



Ескертпе

- Егер телефон импульстік теру режимінде болса, қоңырау кезінде уақытша үндестік режимге ауысу үшін *int түймесін басыңыз. Бұл қоңырау үшін енгізілген сандар дыбыс сигналдары ретінде жіберіледі.

Автосағат



Ескертпе

- Бұл қызмет желіге байланысты.
- Бұл мүмкіндікті пайдаланбас бұрын қоңырау шалушы идентификаторы қызметіне жазылғаныңызға көз жеткізіңіз.

Бұл қызмет телефоныңыздағы күн мен уақытты автоматты түрде жалпы қолданыстағы телефондық желімен (PSTN) үндестіреді. Үндестірілетін күн үшін ағымдағы жыл орнатылғанына көз жеткізіңіз.

- 1 MENU/OK түймесін басыңыз.
- 2 [СЛУЖБЫ] > [АВТОЧАСЫ] тармағын таңдаңыз, растау үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
- 3 [ВКЛ.]/[ВЫКЛ.] тармағын таңдап, MENU/OK түймесін басыңыз.
→ Параметр сақталды.

Қосымша телефон тұтқаларын тіркеу

Негізгі станцияға қосымша тұтқалар тіркеуге болады. Негізгі станция 4 телефон тұтқасына дейін тіркей алады.

- 1 Негізгі станциядағы **Ⓜ** түймесін 5 секунд бойы басып тұрыңыз.
- 2 Телефон тұтқасындағы **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 3 **[СЛУЖБЫ] > [РЕГИСТР.]** тармағын таңдап, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 4 Жүйе PIN кодын енгізіңіз. Түзетулер енгізу үшін **REDIAL/C** түймесін басыңыз. Одан кейін PIN кодын растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
 - ↳ Тіркеу 2 минуттан аз уақыт ішінде аяқталады. Орталық автоматты түрде телефон тұтқасына нөмір тағайындайды.



Ескертпе

- PIN коды дұрыс емес болса немесе белгілі бір кезең ішінде негіз табылмаса, телефон тұтқасында ескерту хабары пайда болады. Тіркеу сәтсіз аяқталса, жоғарыдағы әрекетті қайталаңыз.
- Әдепкі PIN коды: 0000. Ешбір өзгеріс енгізуге болмайды.

Телефон тұтқаларын тіркеуден шығару

Егер екі тұтқа бір негізгі станцияны ортақ пайдаланса, бір тұтқамен екіншісін тіркеуден шығаруға болады.

- 1 **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 2 **[СЛУЖБЫ] > [ОТМ. РЕГИСТ.]** тармағын таңдаңыз, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.

- 3 Жүйе PIN кодын енгізіңіз. (Әдепкі PIN коды: 0000). Нөмірді жою үшін **REDIAL/C** түймесін басыңыз.
- 4 Тіркеу қажет емес телефон тұтқасы нөмірін таңдаңыз.
- 5 Растау үшін, **MENU/OK** түймесін басыңыз.
 - ↳ Телефон тұтқасы тіркелмеген.



Кеңес

- Телефон тұтқасының нөмірі күту режимінде телефон тұтқасы атауының қасында көрсетіледі.

Әдепкі параметрлерді қалпына келтіру

Телефон параметрлері үшін зауыттық әдепкі параметрлерді қайтаруға болады.

- 1 **MENU/OK** түймесін басыңыз.
- 2 **[СЛУЖБЫ] > [СБРОС]** тармағын таңдаңыз, растау үшін **MENU/OK** түймесін басыңыз.
 - ↳ Тұтқада растау сұрауы көрсетіледі.
- 3 Растау үшін, **MENU/OK** түймесін басыңыз.
 - ↳ Барлық параметрлер қалпына келтірілген.

12 Техникалық мәліметтер

Жалпы техникалық сипаттамалары мен мүмкіндіктері

- Сөйлесу уақыты: 10 сағат
- Күту уақыты: 180 сағат
- Ішкі ауқымы: 50 метр
- Сыртқы ауқымы: 300 метр
- 50 контакт енгізуге болатын телефон кітапшасы
- 10 контакт енгізуге болатын қайта теру тізімі
- 20 контакт енгізуге болатын қоңырау журналы
- Қолдау көрсетілген қоңырау шалушы идентификаторы: FSK, DTMF

Батарея

- Philips: 2 x AAA Ni-MH 1,2 В 300 мА сағ қайта зарядталатын батареясы

Қуат адаптері

Негіз және зарядтағыш

- Тенрао: S003GV0600050, кіріс: 100-240 В~, 50/60 Гц 150 мА, шығыс: 6 В тұрақты ток 500 мА

Қуатты тұтыну

- Әрекетсіз күйдегі қуат тұтыну: шамамен 0,6 Вт

Салмағы және көлемі

- Тұтқа: 105 грам
148 x 47,5 x 25,5 мм (Б x Е x Қ)
- Табан: 56 грамм
43,2 x 77,9 x 86,4 мм (Б x Е x Қ)
- Зарядтағыш: 42 грамм
43,2 x 77,9 x 86,4 мм (Б x Е x Қ)

13 Ескерту

Сәйкестік туралы декларация

Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.p4c.philips.com сайтынан табуыңызға болады.

Бұл өнім Еуропалық R&TTE 1999/5/EC директивасына сәйкес жасақталған, тексерілген және өндірілген.

GAP сәйкестік стандартын пайдалану

GAP стандарты барлық DECT™ GAP телефон тұтқалары мен негізгі станциялар барлық минималды пайдалану стандарттарына сай келетіндігіне кепілдік береді. Телефон тұтқасы мен негізгі станция GAP стандартымен үйлесімді, бұл келесі қызметтерге кепілдік беріледі дегенді білдіреді: телефон тұтқасын тіркеу, желіні алу, қоңырау шалу және қоңырау қабылдау. Егер оны жасалуы өзге құрылғылармен қолдансаңыз, қосымша мүмкіндіктер қолжетімді болмауы мүмкін. Бұл телефон тұтқасын GAP стандартымен үйлесімді, жасалуы өзге болып келетін негізгі станцияда тіркеп, пайдалану үшін, алдымен, жеткізуші нұсқаулығындағы әрекеттерді орындаңыз, одан кейін осы нұсқаулықтың телефонды тіркеуге арналған бөлімінде сипатталған әрекеттерді орындаңыз. Жасалуы өзге телефон тұтқасын негізгі станцияда тіркеу үшін негізгі станцияны тіркеу режиміне

қойып, телефон тұтқасын жеткізуші нұсқаулығындағы әрекеттерді орындаңыз.

Электр магнитті өріспен (ЭМӨ) үйлесімділігі

Бұл өнім электромагниттік өрістерге қатысты барлық қолданыстағы стандарттар мен ережелерге сәйкес келеді.

Ескірген бұйымдарды және батареяларды жою.



Бұйымыңыз басқа мақсатқа және қайта қолдануға мүмкін жоғары сапалы материалдармен және бөлшектермен әзірленіп жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымдың Еуропалық 2002/96/EC нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді. Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/EC Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды.

Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.



Өнімге жапсырылған бұл логотип тиісті ұлттық қалпына келтіру және қайта өңдеу жүйесіне қаржылай үлес төленгенін білдіреді.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

14 Жиі қойылатын сұрақтар

Экранда сигнал жолағы жоқ.

- Тұтқа ауқымнан тыс жерде тұр. Оны негізгі станцияға жақындатыңыз.
- Тұтқада [НЕЗАРЕГИСТР.] көрсетілсе, тұтқаны тіркеңіз.



Кеңес

- Толық ақпарат алу үшін «Қосымша телефон тұтқаларын тіркеу» бөлімінің «Қызметтер» тарауын қараңыз.

Негізгі станциямен қосымша тұтқалар жұпталмаса (тіркелмесе), не істеймін?

Негіз жады толы. Қолданылмайтын тұтқаларды тіркеуден шығарып, әрекетті қайталаңыз.

Өзім оқи алмайтын қажет емес тілді орнаттым, қандай әрекетті орындауым қажет?

- 1 Күту экранына қайту үшін түймесін басыңыз.
- 2 Негізгі мәзір экранына қатысу үшін MENU/OK түймесін басыңыз.
- 3 [НАСТРОЙКИ] / [ЯЗЫҚ] тармағын таңдаңыз, сонда экранға мына мәтіндердің бірі шыққанын көресіз:

УСТАНОВКИ > ЯЗЫК

PHONE SETUP > LANGUAGE

НАЛАШТ. ТЕЛ. > МОВА

TEL. NUSTAT. > KALBA

TELEF. SEAD. > KEEL

TÄLR. IEST. > VALODA

- 4 Тіл опцияларына қатысу үшін оны таңдаңыз.

- 5 Қажетті тілді таңдаңыз.

Теру дыбысы жоқ

- Телефон байланыстарын тексеріңіз.

- Тұтқа ауқымнан тыс жерде тұр. Оны негізгі станцияға жақындатыңыз.

Түйісу дыбысы жоқ

- Телефон тұтқасы негізгі станцияға/зарядтағышқа дұрыс орналаспаған.
- Зарядтауға арналған жанасу нүктелері лас. Қуат көзін ажыратып, жанасу нүктелерін дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

Дауыстық пошта дыбысын өзгерте алмадым, не істеуім қажет?

Дауыстық пошта қызметін телефон емес, қызмет көрсетуші провайдері басқарады. Параметрлерді өзгерту үшін қызмет көрсетуші провайдеріне хабарласыңыз.

Зарядтағыштағы телефон тұтқасы зарядталмайды.

- Батареялар дұрыс енгізілгеніне көз жеткізіңіз.
- Телефон тұтқасы зарядтағышқа дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз. Зарядтау кезінде батарея белгішесі қозғалады.
- Түйісу дыбысы параметрі орнатылғанына көз жеткізіңіз. Телефон тұтқасы зарядтағышқа дұрыс қойылса, түйісу дыбысын естисіз.
- Зарядтауға арналған жанасу нүктелері лас. Қуат көзін ажыратып, жанасу нүктелерін дымқыл шүберекпен сүртіңіз.
- Батареялардың ақауы бар. Делдалдан жаңасына сатып алыңыз.

Дисплейде еш нәрсе көрсетілмейді

- Батареялар зарядталғанына көз жеткізіңіз.
- Қуат бар екеніне және телефон қосылғанына көз жеткізіңіз.

Дыбыс сапасы нашар (шыртылдау, жаңғырық, т.б.)

- Телефон тұтқасы ауқымнан тыс жерде тұр. Оны негізгі станцияға жақындатыңыз.
- Телефон жақын арадағы электр құрылғылардың кедергісіне тап болады. Негізгі станцияны олардан алысырақ орналастырыңыз.
- Телефон жіңішке қабырғалы жерде орналасқан. Негізді олардан алысырақ орналастырыңыз.

Телефон тұтқасы шылдырмайды.

Телефон тұтқасының қоңырау дыбысы қосұлы екеніне көз жеткізіңіз.

Қоңырау шалушы идентификаторы көрсетілмейді.

- Қызмет белсендірілмеген. Қызмет көрсетуші провайдерден сұрап біліңіз.
- Қоңырау шалушы туралы ақпарат бүркеулі немесе қолжетімсіз.



Ескертпе

- Егер жоғарыда ұсынылған шешім мәселені шешпесе, қуат көзін телефон тұтқасынан және негізгі станциядан ажыратыңыз. 1 минуттан соң қайталап көріңіз.

15 Қосымша

Мәтін мен санды енгізу кестелері

перне	Таңбалар (ағылшын/латын)
0	бос орын 0
1	- 1
2	A B C 2
3	D E F 3
4	G H I 4
5	J K L 5
6	M N O 6
7	P Q R S 7
8	T U V 8
9	W X Y Z 9
*	* ? / \ ()
#	# ' , - &

Перне	Таңбалар (орыс)
0	бос орын 0
1	- 1
2	A B B Г 2
3	Д E Ж З 3
4	И K Л 4
5	М H O П 5
6	Р C T Y 6
7	Ф X Ц Ч 7
8	Ш Щ Ъ Ы 8
9	Ь Э Ю Я 9
*	* ? / \ ()
#	# ' , - &



2014 © WOOX Innovations Limited. Барлық
құқықтары қорғалған. Philips және Philips Shield
Emblem — Koninklijke Philips N.V. компаниясының
тіркелген сауда белгілері және оларды
WOOX Innovations Limited компаниясы
Koninklijke Philips N.V. компаниясынан алған
лицензия бойынша пайдаланады.

UM_D120_51_KK_V1.0
WK1409

CE 0168

